

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі  
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

## М.ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫ

БИОБИБЛИОГРАФИЯ УЧЕНЫХ СКУ ИМ. М.КОЗЫБАЕВА

# ЗАРҚЫН СЫЗДЫҚҰЛЫ ТАЙШЫБАЙ

БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КОРСЕТКІШ



ПЕТРОПАВЛ  
2026

**УДК 01**  
**ББК 91.9**  
**З 34**

**Құрастырушылар:**  
Қазақанова А. Қ., Н.Е. Косарева  
Шығарылымға жауапты:

- З 34** Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай: биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: А.Қ. Қазақанова, Н.Е. Косарева. — Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2026. — 60 б.

Зарқын Сыздыкович Тайшыбай: биобиблиографический указатель. / Сост.: А.К. Казиканова, Н.Е. Косарева. — Петропавловск: СКУ имени М. Козыбаева, 2026. — 60 с.

**УДК 01**  
**ББК 91.9**

© М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2026  
© СКУ им. М. Козыбаева, 2026

## **Оқырмандарға**

Аталған биобиблиографиялық көрсеткіш «М. Қозыбаев атындағы СҚУ ғалымдары» сериясын жалғастырады және белгілі ғалым, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Тайшыбай Зарқын Сыздықұлына арналған.

Көрсеткіш зерттеушінің өмірі мен ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметінің негізгі кезеңдерін қамтиды. Басылымға автордың ғылыми еңбектерінің, монографияларының, публицистикалық мақалаларының биобиблиографиялық сипаттамалары, сондай-ақ ол туралы жазылған әдебиеттер енгізілген. Материалдар хронологиялық тәртіппен, әр жылдың ішінде тақырыптардың әліпбилік ретімен жүйеленген.

Басылым тарихшыларға, филологтарға, журналистерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ Қазақстанның тарихына, мәдениетіне және рухани мұрасына қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналған.

## **К читателям**

Данный биобиблиографический указатель продолжает серию «Ученые СКУ им. М. Козыбаева» и посвящен видному ученому, профессору, Заслуженному деятелю Республики Казахстан Тайшыбай Заркыну Сыздыковичу. Указатель отражает основные этапы жизни, научно-педагогической и общественной деятельности исследователя. В издание включены библиографические описания научных трудов, монографий, публицистических статей автора, а также литература о нем. Материал систематизирован в хронологическом порядке, внутри каждого года — по алфавиту заглавий.

Издание адресовано историкам, филологам, журналистам, преподавателям и студентам вузов, а также широкому кругу читателей, интересующихся историей, культурой и духовным наследием Казахстана.

### **Профессор З.С. Тайшыбайдың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері**

1. 1942 жылы 31 наурызда Қарағанды облысы, Қу (қазір Қарқаралы) ауданында дүниеге келген.
2. 1959 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, колхозда механизатор, аудандық газетте әдеби қызметкер, редактордың орынбасары, редакторы, Егіндібұлақ аудандық атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі.
3. 1970 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, КазГУ-дің «Журналистика тарихы» кафедрасы бойынша аспирантура тәмамдады. 1970 жылдан бастап проф. Х.Н. Бекхожиннің жетекшілігімен «Қазақтың революцияға дейінгі демократ-журналистері» тақырыбына зерттеу жүргізген. 1972 жылы Алматы жоғары партия мектебінде оқыды.
4. 1992 жылдан Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің қазақ тіл білімі кафедрасында аға оқытушы.
5. 1993 жылы Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің журналистика кафедрасы мен бөлімшесін ұйымдастырды, меңгеруші болды.
6. 1997 жылы «Абайтанудың революцияға дейінгі кейбір қайнар көздері» тақырыбына диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды.
7. 2000 жылдан М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дің доценті, докторанты, профессоры.
8. 2001 жылы М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дің қазақ филологиясы кафедрасының негізінде «Журналистика» мамандығын және магистратурасын ашты.
9. 2001 жылдан бері университетте өзі ұйымдастырған «Этномәдени зерттеулер» ғылыми-зерттеу орталығын басқарады.

## **Марапаттар:**

### **Мемлекеттік және мемлекетаралық марапаттар**

1. «Ерен еңбегі үшін» медалі (В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне), 1970.
2. «Еңбек ардагері» медалі, 1990.
3. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы — ҚР Президентінің 2016 жылғы 5 желтоқсандағы Жарлығы.
4. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі, 2017.
5. «Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағы, 2025 жылғы 13 шілде.
6. Ведомстволық марапаттар мен айрықша белгілер.
7. «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі — ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2022 жылғы 4 сәуір.
8. «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2002.
9. «Қазақстан Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қайраткері», 2018.
10. «Қазақ тілінің жанашыры» төсбелгісі, 2009.
11. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау әскерлеріне 25 жыл» төсбелгісі.
12. «Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік архивіне 100 жыл» төсбелгісі, 2023 жылғы 8 қыркүйек.
13. «Республиканың үздік өлкетанушысы» атағы (№ 44 төсбелгі), 2018.

### **Журналистика саласындағы марапаттар**

14. «Қазақстанның құрметті журналисі» құрмет белгісі (Қазақстан Журналистер одағы, № 318 куәлік), 2012.
15. Қазақстан Журналистер одағының айрықша еңбегі үшін Алтын медалі, 2020 жылғы 22 наурыз.
16. Қазақстан Журналистер одағының Құрмет дипломы, 2002.
17. «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне 90 жыл» мерекелік медалі, 2021 жылғы 3 қараша.

### **Академиялық атақтар мен жоғары оқу орындарының медальдары**

18. Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, 2020.

19. «Қазақстанның Құрметті профессоры», 2020 (төсбелгімен расталған, Нұр-Сұлтан, 2021).
20. А. Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» медалі, 2008.
21. Ахмет Байтұрсынов атындағы құрмет медалі, 2022 жылғы 22 сәуір.
22. «ЖОО үздік оқытушысы» республикалық байқауының жеңімпазы, 2012.
23. М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Үлкен алтын медалі, 2012.
24. М. Қозыбаев атындағы Алтын медаль, 2018.
25. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік түлегі» күміс медалі, 2018.
26. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың құрметті профессоры, 2012.
27. «Болашақ» Қарағанды университетінің құрметті профессоры, 2012.

#### **Құрмет грамоталары мен танылу**

28. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы, 1998.
29. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Құрмет грамотасы, 2012.
30. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасы, 2002.
31. Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы, 2012.
32. Солтүстік Қазақстан облысының «Құрметті ардагері» белгісі, 2022 жылғы 5 мамыр.
33. Облыстың құрметті қайраткерлері алаңындағы атаулы шырша (Петропавл қ., Абай көш.), 2017.
34. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің өңірдің әдеби қауымдастығын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін стипендиясы, 2026 ж.
35. Профессор З.С. Тайшыбай атындағы кабинет 2024 жылғы 18 наурызда ашылды.

## **Зарқын Тайшыбай**

«Бұл арада мен Зарқын Тайшыбайдың білікті зерттеуші, елге танымал үлкен ғалым екендігіне тоқталмаймын. Оның Абай мен Мағжан туралы кесек-кесек ғылыми еңбектерін, қазақ тарихына байланысты терең мәнді монографиялары мен мақалаларын көзіқарақты барша қазақ біледі. Солардың ішінде профессор Тайшыбайдың Абылай хан тарихын толық жасап шыққаны, 80 баспа табақ «Қазақтың ханы – Абылай» деген атпен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған аса маңызды ғылыми зерттеулері шын мәнінде, ұлттың рухын көтеріп тастады, намысын оятты...»

**Гүлсім Оразалықызы,**  
Қазақстан журналистер  
одағы сыйлығының лауреаты

Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай 1942 ж. 31 наурызда Қарағанды облысы Қу (Қарқаралы) ауданында туған деп құжатта жазылғанымен, нақты күні мамыр айының бірінші жұлдызы. Егіндібұлақ ауылындағы №1 қазақ орта мектебін бітірген соң, колхозда механизатор болып жұмыс істеген.

Шығармашылық еңбек жолын 1960 жылы Қу аудандық «Ленин туы» газетінен бастады, аудандық кеңес атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, аудандық газет редакторының орынбасары, редактор, облыстық газетте бөлім бастығы қызметтерін атқарды. Өндірістен қол үзбей жүріп С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, «Журналистика тарихы» кафедрасы бойынша аспирантурасын тәмамдады. Проф. Х.Н. Бекхожиннің жетекшілігімен «Қазақтың революцияға дейінгі демократ-журналистері» деген тақырыпта 1970 жылдан

бастап зерттеулер жүргізді. 1972 жылы Алматы жоғары партия мектебінде оқыды.

1992 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде аға оқытушы, журналистика кафедрасының меңгерушісі, доценті болып жұмыс істеді.

2000 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне шақырылды. СҚМУ доценті, докторанты, қазір Манаш Қозыбаев атындағы СҚМУ журналистика кафедрасының профессоры, 2001 жылы осы университетте «Журналистика» мамандығын ашып, сол мамандыққа үзбей басшылық жасап, дәріс беріп келеді. Журналистика мамандықтары бойынша әдістемелік кеңестің жетекшісі, «СҚМУ Хабаршысы» редакция алқасының мүшесі. Университет Ғылыми кеңесінің мүшесі (2000-2011), ректоратының «2000-2014) мүшесі, «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы.

2001 жылдан бері университетте өзі ұйымдастырған «Этномәдени зерттеулер» ғылыми-зерттеу орталығын қоса басқарады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша докторлық диссертациялық кеңесте З. Тайшыбайдың зерттеулері жоғары бағаланды. Академиктер Зәки Ахметов, Зейнолла Қабдолов, Рымғали Нұрғалиев, филология ғылымдарының докторлары Тұрсынбек Кәкішев, Марат Барманкұлов, Темірбек Қожакеев, Әбілғазы Нарымбетов, Алма Қыраубаева және басқалары диссертанттың «Абайтанудың революцияға дейінгі кейбір қайнар көздері» деген еңбегін «абайтануға қосылған елеулі үлес» ретінде бірауызды пікір білдірді.

Абайтанудың көкейкесті мәселелері автордың «Абай және баспасөз» (Революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің материалдары бойынша, Қарағанды, 1997) және «Абайтану арнасында». (Абайтанудың қазіргі көкейкесті мәселелері, Астана, 2006) монографиялары мен ғылыми мақалаларында жаңа қырынан зерттелген. Айталық, бұл еңбектерде қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет «Абайдың ақындық лабораториясы» деген ғылыми проблема арнайы қозғалады.



Ұлы ойшыл ақынның қоғамдық ой-пікір қалыптастыруына әсері болуға тиіс ақпарат көздері туралы, оның ішінде «Дала уалаятының газеті» (1883-1902 жылдар) және орыстың мерзімді баспасөз нұсқалары, Абайдың кітапханасы туралы мәселе қойылады. Абай өмірбаянының көпке мәлімсіз тұстарын ашатын мұрағат деректері абайтанудың керегесін кеңейтуге септігін тигізгені жөнінде әдебиетші-тарихшы мамандар оң пікірлер білдірді. Осындай іргелі зерттеулердің жемісі ретінде 3. Тайшыбай Қарағанды және Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттерінде жиырма жылға таяу абайтану дәрістерін алғаш бастап, жүргізіп келеді.

Әдебиет және баспасөз тарихы мәселесі 3. Тайшыбай шығармашылығында үнемі қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің тарихымен, ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихымен сабақтас өріліп отырады.

Автордың қаламынан туған «Мағжанның Қызылжары» («Астана-Полиграфия», 2007) монографиясы ақынның өмірі мен қызметі туралы мағлұматтарды нақты жазба деректермен, мұрағат құжаттарымен байытқан бірегей құнды еңбек ретінде бағаланды. Кітапта Мағжан Жұмабаевтың күрескер-ақын болып қалыптасуына Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов, Қошмұхамет Кемеңгеров т.б. Алаш көсемдерінің қалай ықпал еткені жазба деректермен тиянақталады. Ақын, азамат Мағжан қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен қайраткерлердің жуан ортасынан көрінеді. Осы еңбекте алғаш рет «Мағжанның өмірі мен шығармашылығының елеулі кезеңдері» деген анықтама деректер беріліп, ұлы ақынның шығармашылық өмірбаяны ғылыми түрде тұңғыш рет уақыт ретімен, уақиғалар желісімен нақтыланды. Мағжан Жұмабаевтың XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Алашорда үкіметі құрамындағы журналистік, публицистік қызметтері, 1918 жылы Петропавлда «Жас азамат», 1920-1922 жылдардағы «Кедей сөзі» және «Бостандық туы» газеттерін ұйымдастырған еңбегін жан-жақты ашты.

3. Тайшыбайдың ұстаздық тәжірибесінде XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихы лайықты орын алады.

Бұл саладағы зерттеулері негізінде Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхтар Әуезовтің, Смағұл Сәдуақасовтың шығармашылығы жөнінде бірқатар мақала жариялады, арнайы курстар мен семинарлар дайындап, өткізіп келеді.

Әуелден баспасөз тарихшысы және теоретигі ретінде қалыптасқан Зарқын Тайшыбайдың революцияға дейінгі қазақ және орыс мерзімді баспасөзінің тарихы, журналистиканың теориясы мен практикасы салалары бойынша жасаған зерттеулері өз алдына бір сала. Мысалы: «Баспасөз тарихы» оқу құралы, (9,8 б.т., 2003), «Алаш көсемсөзі» көмекші оқу құралы (14 б.т. 2003), «Қазақ журналистикасының тарихын» оқытудың әдістемесін, типтік оқу бағдарламасы және «Орыс журналистикасының тарихы» бойынша әдістемелік құрал, «Қазақстанның солтүстігіндегі қазақ газеттерінің тарихынан» оқу құралын (12.б.т., 2013), «Қазақша жастар баспасөзі» монографиясы. 3. Тайшыбай жазған «Журналистиканың құқықтық негіздері» (20 б.т. 2007) Қазақстандағы журналист даярлайтын оқу орындарындағы осы тектес тұңғыш әрі жалғыз оқу құралы. Журналистика мамандығы бойынша жаңа тұрпатты оқулықтар мен оқу құралдарын дайындаған еңбегі Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығы тарапынан Ахмет Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» төсбелгісіне лайық бағаланды.

Профессор 3. Тайшыбай ана тілінің жанашыры ретінде ерте танылған. 1989 жылы «Қазақ тілі» қоғамы алғаш ұйымдастырыла бастағанда, оның Қарағанды облыстық ұйымын басқарды, кейін «Қазақ тілінің жанашыры» төсбелгісімен алғашқылардың қатарында марапатталды (2009) және арнайы қордың таңдауына ілігіп, құрметтелді (2014). Аудармашы ретінде еліміздің жоғары оқу орындары үшін ғылым мен білімнің әр саласынан жиырмаға тарта оқулық пен оқу құралдарын қазақшаға аударып, ана тілінің мемлекеттік дәрежесін өсіруге, қолданыс аясын кеңейтуге үлес қосты. Мысалы, Қарағанды политехника үшін «Материалдар үйкелісі», «Жоғары математика» (А. Ермеков) оқулықтарын, Қарағанды кооператив институтының, медицина институтының тапсырысымен бірнеше оқу құралын,

«Омыртқа остеохондрозы» монографиясы мен «Жүйке аурулары» (С. Қайшыбаев) оқулығын орысшадан аударды. Жоғары оқу орындарына арнап «Аударманың тарихы, теориясы мен практикасы (ЖОО студенттеріне және аудармашыларға арналған, (2001) және «Аудармашыларға көмекші» (2004) оқу құралдары тиісті оқытушылар мен мамандардың қажетін өтеп келеді.

Ұстаз әрі ғылым қайраткері Зарқын Тайшыбайдың тарихшы ретіндегі еңбегі ғылыми ортада лайықты бағасын алған. Ол Қазақстан тарихының көкейкесті мәселелерімен ерте айналысып, бірқатар жемісті нәтижелерге қол жеткізді. «Жақып Ақбаев. Күрескерлік өмірбаяны» (Н.О. Дулатбековпен бірге, Алматы, «Жеті жарғы», 1997) деген монографиясы Алаш көсемдерінің тарихи еңбегі мен азаматтық тұлғасын ашып көрсететін алғашқы еңбектердің бірі болатын. С.-Петербург, Омбы және Алматы мұрағаттарынан іздеп тауып, ғылыми айналымға қосылған құнды деректер XX ғасырдың басындағы азаттық күресінің шежіресіне қосылған бағалы үлес еді. «Қазақстанның мемлекет және құқық тарихы» Ж. Омари және Н.Дулатбековпен бірге Алматы, «Жеті жарғы» (1997) хрестоматиясы студенттердің қазақша оқу құралына деген қажетін өтеп, заңгер мамандардың ықыласына ие болды.

Ұлт мәдениеті мен өнерінің жоқшысы ретінде танылған З. Тайшыбайдың «Алтын бесік ән орда» (1998. «Болашақ-баспа», алғысөзін проф. Ш. Қажығалиев жазған) кітабында Қазақстанның орталық аймағындағы әншілік дәстүр мен аты ұмытылып бара жатқан халық композиторлары мен орындаушылардың шеберлігі жақсы зерттелген. Әнші-сазгер әрі ақын Мәди Бәпиұлы өмірін архив құжаттарымен зерттеді. Музыкатанушы этнограф А.В. Затаевичтің 1926 жылдың жазында Орталық Қазақстандағы Қу-Қарқаралы атырабын аралап, қазақ музыка мұрасын жинап, ғылыми-тарихи бағасын берген қымбат еңбегін З. Тайшыбай арнайы зерттеп, көптеген тың деректерді жарыққа шығарды. Білгір өнертанушы зерттеушінің қаламынан Айтбай, Ғаббас, Әміре, Мұсылманқұл, Жақыпбек Елебеков, Қали Байжанов қатарлы

ұлы әншілерден бастап, Шамғон Қажығалиев, Қаршыға Ахмедияров, Ришад Абдуллин, Әлібек Дінішев, Ілия Жақанов сияқты өнер шеберлерінің шығармашылық бейнесін ұлықтайтын мақалалар туды. Ол сексенінші жылдардың басында-ақ Қарағанды облысында айтыс өнерін жаңғыртушылардың қатарынан табылды, республикаға танымал бірнеше айтыс ақынын тәрбиеледі.

Алпыс жылға тарта қолынан түспеген зерттеушінің, жоғарыда аталған ұланғайыр шығармашылығында, әсіресе, ерекше көрінетіні, сөз жоқ, ХҮІІІ ғасырдағы Қазақ хандығының тарихы, оның ішінде Абылай ханның өмірі мен қызметін зерттеуі. Зарқын Тайшыбай соңғы 20 жыл бойы абылайтану тақырыбымен үзбей айналысып келеді. Қазақстанның тәуелсіздік туын тігіп, ғасырлар койнауында қалған қазынасын аша бастаған кезде-ақ, Ресей мұрағаттарынан бұрын жинаған деректеріне жаңа көзбен қарап, Абылай ханның тарихи бейнесін көне құжаттар негізінде жаңғыртуда зерттеушілік ұшан-теңіз еңбегі бар. Автордың «Абылай хан» (құжаттар мен материалдар жинағы, 32 б.т. «Астана», 2005) кітабы қазақ тілінде 10 мың дана болып басылып, бүкіл елімізге тарады. Кітапта қазақ тіліне тұңғыш аударылып, уақыт ретімен тізілген жазба деректер ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тарихын зерттеушілерді қызықтырды, Абылай тақырыбына қалам тартқандардың әрқайсысы бұл еңбекке соқпай кеткен жоқ десе болады.

Профессор З. Тайшыбай Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына лайықты тарту ретінде «Қазақтың ханы – Абылай». Заманы, өмірі, қызметі», (80 б.т. Алматы, «Ел-шежіре», 2011) деген атпен екі томдық тағы бір еңбегін ұсынды. Іргелі зерттеу еңбегінде Абылай ханның тарихнамасы мен тарихына қатысты 600-ге тарта құжат, мұның ішінде Ресей мұрағаттарынан тұңғыш рет ашылған 250 құжат ғылыми айналымға енгізілді. Бұл кітаптарға Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына арналып, 2013 жылғы 5-6 қазан күндері өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда тақырыптық көрмеден көрнекті орын берілді. Қазақстан тарихшыларының конгресінде

«Астана, 2013) тарихшы мамандардың лайықты бағасын алып, қазақ тарихының нағыз энциклопедиялық дерек көзі ретінде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында арнайы серия қатарына қосылған бұл кітаптар Зарқын Тайшыбайды білікті деректанушы ғалым, қажырлы еңбеккер ретінде көрсетті. Осындай деңгейде, қыруар деректерді терең зерттеу үстінде дүниеге келген бұл еңбектер абылайтану ғылымының негізі болып табылады. 2013 жылғы 25 қазанда Астана қаласында өткен «Қазақстан тарихшыларының II Ұлттық конгресінің» қорытынды құжатына З.С. Тайшыбайдың зерттеулері нәтижесінде «Абылайтану» Қазақстан тарихының арнайы саласы болып қалыптасқаны жазылды. Ұлт тарихының аса маңызды кезеңінің айнасындай, жас ұрпақты Отансүйгіштікке, ерлікке, төзімділікке тәрбиелейтін абылайтану тақырыбы зерттеуші Зарқын Тайшыбайдың ғылыми шығармашылығында ерекше орын алады.

Еліміздің Білім және ғылым министрлігі 2007–2009 жылдарға арналған ғылыми зерттеулер жоспарына М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Зарқын Тайшыбай ұсынған «Абылайтанудың тарихнамалық және тарихи проблемалары» деген тақырыбы үздік танылып, «Қазақстанның интеллектуалдық қуат-қазынасы» саласы бойынша қабылданып, мемлекет тарапынан арнайы қаржыланды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы ғылыми-техникалық кеңестінің шешімімен «Елдің зияткерлік әлеуеті» басымдығы, «2011–2013 ж. ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет» бағдарламасы бойынша «Қазақстанның тұрақты дамуының негізі ретінде ұлттық идеяны қалыптастыру аясында қазіргі абылайтанудың тарихнамалық және тарихи проблемалары» деген тақырыбы үшін М. Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры З. Тайшыбайға екінші рет үш жылға мемлекеттік грант берілді. Әріптесіміз «Абылай хан» тұлғалық энциклопедиясын («Қазақ энциклопедиясы», бас редакторы Бауыржан Жақып. Алматы, 2013., 55,9 б.т.) шығару алқасына мүше ретінде еліміздің айтулы ғалымдары қатарынан орын алды. Әрі авторы ретінде маңызды зерттеулерімен танылды.

Энциклопедияда 3. Тайшыбайдың өз атынан жазылған 37 мақалаға орын берілген, басқа жүзден аса мақала осы зерттеушінің еңбектеріне негізделген.

2001 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өзі құрған «Атамекен» этномәдени ғылыми-зерттеу Орталығы аясында 3. Тайшыбай еліміздің теріскей аймағының тарихы мен топонимиясын зерттеп, өлкетану тұрғысында бірқатар құнды еңбектер берді, зерттеушілер тобына жетекшілік етті. Өлке тарихына байланысты нақты деректерге негізделген мақалаларында, ол бұрыннан қалыптасып, ұшқыр пайымдалған мәселелерді тиянақтады, алаш қайраткерлерінің ұлт азаттығы жолындағы күресін жаңа қырынан ашып көрсететін 47 мақала жазып, беделді басылымдарда жариялады. Оның қаламынан туған «Қазақстанның солтүстігіндегі қазақ газеттері (1917–1936 ж.) және «Қазақша жастар баспасөзі», «Абылай атын ардақтап», «Мағжанның Қызылжары», «Сыр сандығым – Қызылжар», «Есіл даласы» -100 және «Жас азамат» - 95» (Петропавл, 2014.,11 б.т.,С. Мәліковамен бірге), деген монографиялары тікелей осы Солтүстік өңірдің тарихына арналған. Автор бұл зерттеулерінде Есіл өлкесін ежелден мекендеген қазақтардың алды үш жүз, соңы екі жүз жылдық өмірі мен тұрмысын талдайды. Бұл тақырып (А. Ыбыраева, С. Мәліковамен бірге жазған) «Солтүстік Қазақстан облысы: тарих және тағылым» деген көлемді монографияда (2016, 300 бет) одан ірі дамытылған. Ономастика мәселелеріне арналған «Атамекен атаулары». (К. Ахметжанова, С. Мәлікова, К. Оспановпен бірге) 2015. 350 бет.) деген ғылыми еңбекте ежелгі Есіл бойының тарихи топонимиясына байланысты көптеген қызықты деректер тұңғыш рет ғылыми жүйеленіп, жарық көрді. Әсіресе, осыдан екі жүз жыл бұрынғы жер-судың, қазақтың қоныстарының 2500-ге тарта атауы антропонимдердің, этнонимдердің ғылыми-танымдық құны қымбат.

З.С. Тайшыбай көптеген ғылыми және педагогикалық кітаптарға жауапты шығарушы, редактор болды. Олардың қатарында «Қазақтың тарихи дастаны». Рақым Б. Алматы,

1997; «Абайдың саяси-құқықтық мұралары және қазіргі заман», 1995; «Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу». Меңлібаев Қ., 1999; «Тарихи өлкетану мәселелері». Смағұлов Ғ. Қарағанды, 1999; «Сарарқаны өрт алды «1916 жыл) С. Мәлікова, Петропавл, 2012; «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты тарихи жырлар». Ж. Ахметжанова. Алматы, 2009; «Академик Е.А. Бөкетов». Петропавл, 2006, тағы басқалары бар.

Зарқын Сыздықұлы тәжірибелі ұстаз, республикадағы журналистік білімді ұйымдастырушыларының бірі ретінде білім берудің халықаралық заманауи тәжірибесін игеруден жалыққан емес. Ол «Орталық Азияда журналистік білім беру» атты халықаралық семинардың мүшесі. 2007–2012 жылдары 13 журналистика магистрін дайындады.

2001 жылы АҚШ Мем. департаментінің шақыруымен «АҚШ-та журналистер даярлау» бағдарламасы бойынша АҚШ-тың бес университетінде болып, лекция оқыды, семинарлар өткізді. ҚХР Шыңжан университетінде, Қоғамдық ғылымбар академиясында (2012) халықаралық конференцияларға қатысты, Прага университетінде (2013) қазіргі БАҚ және журналистер даярлау мәселесі бойынша баяндамалар жасады.

«Қазақстан білім беру саласының Құрметті қызметкері» (2002), жаңа тұрпатты оқулықтар жасағаны үшін Қазақстан Жоғары оқу орындары қауымдастығының А. Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» төс белгісімен (2007), «Қазақ тілінің жанашыры» төс белгісімен (2009), Қазақстан республикасы Білім министрлігінің Грамоталарымен (1999, 2014), Байланыс және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен (2011), Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары Әкімінің Құрмет грамотасымен, Республика журналистер одағының Құрмет дипломымен марапатталған, Республика Ішкі әскерлер қолбасшысының төс белгісін (2012), «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағын алған. Ұзақ жылғы ұстаздық қызметі мен 2007–2011 жылдардағы ғылыми-педагогикалық жетістіктері лайықты бағаланып, 2012 жыл «Республика жоғары оқу орнының үздік

оқытушысы» құрметті атағына ие болды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 желтоқсандағы Жарлығымен З.С. Тайшыбайға Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Құрметті атағы берілді.

Зарқын Сыздықұлы тәжірибелі ұстаз, республикадағы журналистік білімді ұйымдастырушыларының бірі ретінде білім берудің халықаралық тәжірибесін игеруден жалыққан емес. Ол «Орталық Азияда журналистік білім беру» атты халықаралық семинардың мүшесі. 2007-2021 жылдары 29 журналистика магистрін дайындады.

**А.Қ. Қазықанова**



## **Основные даты жизни и деятельности профессора Тайшыбая Заркына Сыздыковича**

1. Родился 31 марта 1942 года в Кувском (Каркаралинском) районе Карагандинской области.
2. В 1959 году, по окончании средней школы, работал механизатором в колхозе, литработником, заведовал орготделом райисполкома. Был заместителем редактора, редактором районной газеты, заведующим отделами Карагандинской областной газеты «Орталық Қазақстан».
3. В 1964-70 годы учился на факультете журналистики КазГУ им. С.М. Кирова (ныне Национальный университет им. Аль-Фараби) по специальности «Журналистика», затем поступил в аспирантуру на кафедру «Истории журналистики».
4. С 1992 года старший преподаватель кафедры казахского языкознания, заведующий кафедрой и отделением журналистики КарГУ им. Е.А. Букетова.
5. В 1993 году организовал кафедру журналистики в КарГУ им. Е. Букетова.
6. В 1997 году защитил диссертацию по теме «Некоторые дореволюционные источники абаеведения» и стал кандидатом филологических наук.
7. С 2000 года доцент, докторант, профессор Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева.
8. В 2001 году организовал специальность «Журналистика», где успешно ведет преподавательскую работу.
9. 2001-2013 годы - руководитель Методического совета СКГУ по специальности «Журналистика», член Ученого совета и ректората.
10. С 2001 года по настоящее время руководитель научного центра «Этнокультурных исследований» СКГУ им. М. Козыбаева.

## **Награды:**

### **Государственные и межгосударственные награды**

1. Медаль «За трудовое отличие» (в ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина), 1970.
2. Медаль «Ветеран труда», 1990.
3. Почетное звание «Заслуженный деятель Казахстана» (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері) — Указ Президента РК от 5 декабря 2016 года.
4. Юбилейная медаль «25 лет Независимости Республики Казахстан», 2017.
5. Звание «Почётный гражданин Северо-Казахстанской области», 13 июля 2025 года.
6. Ведомственные награды и знаки отличия
7. Нагрудный знак «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (За заслуги в развитии науки) — Министерство образования и науки РК, 4 апреля 2022 года.
8. Почетный работник образования РК, 2002.
9. Заслуженный деятель Высшей школы Казахстана, 2018.
10. Нагрудный знак «Қазақ тілінің жанашыры», (Покровитель языка), 2009.
11. Нагрудный знак «25 лет правоохранительным войскам Республики Казахстан».
12. Нагрудный знак «100 лет государственному архиву Северо-Казахстанской области», 8 сентября 2023 года.
13. Звание «Лучший краевед республики» (Нагрудный знак № 44), 2018.

### **Награды в области журналистики**

14. Почетный знак «Почетный журналист Казахстана» (Союз журналистов Казахстана, удостоверение № 318), 2012.
15. Золотая медаль Союза журналистов Казахстана за выдающиеся заслуги, 22 марта 2020 года.
16. Почетный диплом Союза журналистов Казахстана, 2002.
17. Юбилейная медаль «90 лет областной газете «Ortalyq Qazaqstan», 3 ноября 2021 года.

### **Академические звания и медали вузов**

18. Академик Национальной академии наук Казахстана, 2020.
19. Почетный профессор Казахстана, 2020 (подтверждено нагрудным знаком, Нур-Султан, 2021).
20. Медаль им. А. Байтурсынова «Саңлақ автор», 2008.
21. Почетная медаль имени Ахмета Байтурсынова, 22 апреля 2022 года.
22. Победитель Республиканского конкурса «Лучший преподаватель ВУЗа», 2012.
23. Большая золотая медаль СКГУ им. М. Козыбаева, 2012.
24. Золотая медаль имени М. Козыбаева, 2018.
25. Серебряная медаль «Лучший выпускник КазНУ им. аль-Фараби», 2018.
26. Почетный профессор КарГУ им. Е.А. Букетова, 2012.
27. Почетный профессор Карагандинского университета «Болашак», 2012.

#### **Почетные грамоты и признание**

28. Почетная Грамота Министерства образования и науки РК, 1998.
29. Почетная грамота Министерства связи и информации РК, 2012.
30. Почетная грамота Акимата Северо-Казахстанской области, 2002.
31. Почетная грамота Акимата Карагандинской области, 2012.
32. Знак «Почетный ветеран» Северо-Казахстанской области, 5 мая 2022 года.
33. Именная ель на Площади почетных деятелей области (г. Петропавловск, ул. Абая), 2017.
34. Стипендия акимата Северо-Казахстанской области за значительный вклад в развитие литературного сообщества региона, 2026.
35. Открыт кабинет имени Профессора З.С. Тайшибая, 18 марта 2024 года.

## **Тайшыбай Заркын Сыздыкович**

Родился 31 марта 1942 года в Кувском (Каркаралинском) районе Карагандинской области. После окончания Кувской казахской средней школы работал механизатором в колхозе, литработником, заместителем редактора, редактором районной газеты, заведующим отделами Карагандинской областной газеты «Орталық Қазақстан». Окончил факультет журналистики КазГУ им. С.М. Кирова (ныне Национальный университет им. Аль-Фараби) по специальности «Журналистика» и аспирантуру на кафедре «Истории журналистики».

С 1992 года старший преподаватель, заведующий кафедрой журналистики КарГУ им. Е.А. Букетова. С 2000 года доцент, докторант, профессор Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева. В 2001 году организовал специальность «Журналистика», где успешно ведет преподавательскую работу.

Руководитель Методического совета СКГУ по специальности «Журналистика», член Ученого совета (2001-2008 гг.), ректората СКУ (с 2001 г. - по настоящее время), член редколлегии «Вестника СКУ им. М. Козыбаева», председатель общества «Қазақ тілі».

С 2001 года руководитель научного центра «Этнокультурных исследований» СКГУ им. М. Козыбаева, кандидат филологических наук (1997 г.), доцент (2006). Тема диссертации: «Некоторые дореволюционные источники абаеведения».

Занимается исследованиями по истории казахской литературы начала 20 века, ввел курс абаеведения, написал 19 статей о творчестве А. Байтурсынова, М., Ауезова, М. Жумабаева, С. Садуакасова и др.

Разработана рабочая учебная программа по истории казахской журналистики (1870-2000 гг.) и методическое пособие по истории русской журналистики. Вопросы краеведения и ономастики занимают солидное место в творчестве З. Тайшыбая. Им написан, на основе архивных

материалов, ряд статей, освещающих важнейшие этапы Северного региона и области. Издана книга «Атамекен атаулары» (в соавторстве с К. Оспановым и К. Ахметжановой, Петропавл, 12 п.л. 2010), «Сыр сандығым – Қызылжар» (из истории Северного Казахстана), 2014, 12 п.л.

Является ответственным редактором научных и педагогических изданий: Рахим Б. Казахская историческая поэма. - Алматы, 1997; Политико-правовое наследие Абая и современность. - Караганды, 1995; Менлибаев К.Н. Патриотическое воспитание молодежи. - Караганды, 1999; Смагулов К. Историческое краеведение. - Караганды, 1998; Ахметжанова Ж.Б. Исторические стихи, связанные с восстанием 1916 года. - Алматы, 2009; Академик Е.А. Букетов. - Петропавловск, 2006; Ахметжанова Т. Поэзия М. Кангожина. - Петропавл, 2007.; Ғ. Мүсірепов мұрасы: Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның материалдары 20-21 наурыз. - Петропавл, 2002. - 168 б.; Ғасырлар тоғысындағы журналистика: өзекті мәселелері мен келешегі: Халықаралық конференция 25-26 сәуір. Журналистика на рубеже веков: проблемы и перспективы: Международная конференция 25-26 апреля. - Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ. Қарағанды, 2002; Актуальные проблемы высшей школы в третьем тысячелетии. Материалы международной научно-практической конференции 7-8 ноября. - Петропавловск, 2002.-266 с.; Абылай хан – тарих және қазіргі кезең: Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Абылай хан – история и современность: Материалы международной научно - практической конференции. - Петропавл, 2006. -145 б.

Он один из составителей энциклопедии: Караганды. Карагандинская область. - Алматы, 1989, где выступил автором около 100 словарных и обзорных статей и научным консультантом издания. Автор 43 статей в Казахской Советской энциклопедии и 37 статей в энциклопедии Абылай хан, изданной в 2013 году. З. Тайшыбай внес значительный вклад во внедрение казахского языка в науку

и современное образование. Им переведены с русского на казахский язык учебники для ВУЗов: «Невропатология», «Нервные болезни», «Физическая химия», «Дизайн в промышленности», «Сопротивление материалов», серия учебников по организации и экономике торговли. Является основателем и первым председателем областного общества «Қазақ тілі» (1989) в Карагандинской области.

Автор 2-х томного издания об Абылай хане (Қазақтың ханы - Абылай: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар. - Алматы: Ел-шежіре. – 2011) и составитель энциклопедии Абылай хан: Энциклопедия / З. Тайшыбай.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013, один из немногих, кто занимается изучением жизни и деятельности выдающегося государственного деятеля Казахстана.

Заркын Сыздыкович опытный педагог и организатор журналистского образования в республике, основал специальность «Журналистика», вторую после КазГУ, организовал кафедру журналистики в КарГУ им. Е.А. Букетова (1993), член международного семинара "Журналистское образование в Центральной Азии".

В 2001 году по приглашению Госдепартамента США посетил 5 университетов по программе «Подготовка журналистов в США», выступал с докладами на международных конференциях по проблемам современных СМИ и подготовки журналистов.

Награжден нагрудным Знаком «Почетный работник образования Казахстана» (2002), нагрудным знаком Ассоциации вузов Казахстана «Саңлақ автор» им. А. Байтұрсынова (2007), медалью «Қазақ тілінің жанашыры» (2009), нагрудным знаком «Почетный журналист Казахстана» (2011), Почетными грамотами Министерства образования и науки Республики Казахстан (2000) и Министерства информации и связи (2011), Почетной грамотой Акима Северо-Казахстанской области (2002), Почетным дипломом Союза журналистов Казахстана (2002). В 2012 г. обладатель гранта «Лучший преподаватель года». Указом Президента Республики Казахстан от 5 декабря 2016

года Заркыну Сыздыковичу присвоено Почетное звание Заслуженный деятель Казахстана

В феврале 2014 года в актовом зале Северо-Казахстанского государственного университета состоялась презентация книги кандидата филологических наук, профессора СКГУ Заркына Тайшыбая «Сыр сандығым - Қызылжар», где автор делает попытку с нового исторического ракурса проанализировать сложные и противоречивые события после октябрьского периода в Северном Казахстане. Выступившие на презентации главный редактор областной газеты «Солтүстік Қазақстан» Карибай Мусырман, директор Северо-Казахстанского областного архива Сауле Маликова, руководитель областного казахского культурно-просветительского центра «Асыл мура» Танат Сугирбаев, учительница истории казахской классической гимназии Альбина Некебаева, кандидат филологических наук Жанар Таласпаева и другие выразили уверенность в том, что книга «Сыр сандығым - Қызылжар» станет важным источником полезных сведений для молодых исследователей истории края. В 2016 году им изданы были еще две книги:

Солтүстік Қазақстан облысы: тарих және тағылым: Монография. - Петропавл, 2016.- 288 б.-(бірлескен: Мәлікова С., Ибраева А.)

«—Я выбрал тернистый путь исследователя, - говорит ученый и журналист. - Может быть, сделал я немало, раз мои труды получают высокую оценку. Но многое еще недоделано, недописано. Сложить перо мне еще рано».

Заркын Сыздыкович Тайшыбай является сегодня автором более 100 научных статей, учебных пособий и монографий по истории, культуре Республики, причем многие из них посвящены истории Северо-Казахстанской области и г. Петропавловска.

Заркын Сыздыкович, как опытный педагог, один из организаторов журналистского образования в республике, не устает осваивать международный опыт образования. Он является членом международного семинара «журналистское

образование в Центральной Азии». В 2007-2021 годах подготовил 29 магистров журналистики.

***Н.Е. Косарева***



### **3.С. Тайшыбайдың кітаптары мен ғылыми еңбектерінің тізімі**

#### **Кітаптары - Книги:**

1. «Есіл даласы» - 100. «Жас азамат-95»: Жинақ, Петропавл: Северный Казахстан, 2012.- 280 б.- (бірлескен: Мәлікова С.).
2. Абай және баспасөз. - Караганда: КарГУ им. Е.А. Букетова, 1997.- 180 б.
3. Абайтану арнасында (1889-1916): монография.- Петропавл; Астана, 2006. - 258 б.
4. Абайтану ұшқындары (Ақынның көзі тірісінде жарияланған шығармалары): оқу құралы / З. С. Тайшыбай. - Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2025. - 107 б.
5. Абылай атын ардақтап: оқу құралы - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2014. - 204, [2] б.
6. Абылай хан тарихы: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен зерттеу материалдары: Тайшыбай З.С. Ғылыми басылым. - Петропавл, 2021.- Т.1.- 564 б.
7. Абылай хан тарихы: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен зерттеу материалдары: Тайшыбай З.С. Ғылыми басылым. - Петропавл, 2021.- Т.2.- 564 б.
8. Абылай хан тарихы: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен зерттеу материалдары: Тайшыбай З.С. Ғылыми басылым. - Петропавл, 2021.- Т.3.- 568 б.
9. Абылай хан: Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар жинағы / Құраст. З.С. Тайшыбай. - Петропавл: Астана, 2005. - 477 б.
10. Абылай хан: Энциклопедия / З. Тайшыбай.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. — 597 б.
11. Алаш көсемдерінің өсиет-өнегесі: оқу құралы / Г. Б. Ахметжанова, З. С. Тайшыбай. - Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2021. - 186 б.
12. Алаш көсемдерінің өсиет-өнегесі: оқу құралы / Г. Б. Ахметжанова, З. С. Тайшыбай. - Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2021. - 186 б.

13. Алаш көсемсөзі: Хрестоматия / құраст. Тайшыбай З.С. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2003. - 254 б.
14. Алтын бесік ән орда. – Тайшыбай З.С. Қарағанды: Болашақ, 1997. - 150 б.
15. Атамекен атаулары: Монография.- Петропавл: Северный Казахстан, 2014.- 350 б.- (бірлескен: Ахметжанова К., Мәлікова С., Карашев К.).
16. Аударманың тарихы, теориясы мен тәжірибесі: Оқу құралы. - Петропавл, 2002. – 72 б.
17. Әбілқайыр хан және орыс әкімшілігі 1730-1752 жылдар: оқу-әдістемелік құралы / З. С. Тайшыбай. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2019. - 200 б.
18. Бабадан қалған байтағым: 5В050400 "Журналистика" мамандығының студенттері үшін оқу-әдістемелік құралы / З. С. Тайшыбай. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ. - 2017. Т.1. - 253 б.
19. Бабадан қалған байтағым: 5В050400 "Журналистика" мамандығының студенттері үшін оқу - әдістемелік құралы / З. С. Тайшыбай. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ. - 2017. Т.2. - 256 б.
20. Баспасөз тарихы: Әдістемелік оқу құралы / З. Тайшыбай. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2003. - 181 б.
21. Жас азамат» газеті (31 шілде 1918 - 8 ақпан 1919): көмекші оқу құралы.- Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2016.- 150 б.
22. Журналистикаға кіріспе: 5В050400 "Журналистика" мамандығының студенттері үшін оқу-әдістемелік құрал / З. С. Тайшыбай, Ә. Ж. Сәуірбаева. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. - 106 б.
23. Журналистиканың құқықтық негіздері: Оқу құралы. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2008. - 312 б.
24. Журналистің жемісті жолы: оқу құралы / З. С. Тайшыбай. - Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2024. - 206 б.
25. Қазақ баспасөзінің тарихынан: оқу құралы / З. С. Тайшыбай, Г. Б. Ахметжанова. - Петропавл: М.Қозыбаев

атындағы СҚУ, 2024. - 181 б.

26. Қазақ журналистикасының тарихы: оқу-әдістемелік құрал / З. С. Тайшыбай, Ә. Ж. Сәуірбаева. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. - 96 б.
27. Қазақстан тарихы архив құжаттарында. Кіші жүз бен Орта жүздің Ресейге бодан болуы және Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынан босауы: оқу құралы / Г. Б. Ахметжанова, Н. Қ. Ахметова, З. С. Тайшыбай. - Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2025. - 193 б.
28. Қазақстанның солтүстігіндегі қазақ газеттерінің тарихынан: оқу құралы. Тайшыбай З.С. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2013. - 174 б.
29. Қазақтың ханы - Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар / З. Тайшыбай. - Алматы: Ел-шежіре, 2011.- Т.1. – 640 б. - (Мәдени мұра).
30. Қазақтың ханы - Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар / Құраст. З. Тайшыбай. - Алматы: Ел-шежіре, 2011.- Т.2. - 640 б. - (Мәдени мұра).
31. Қазақша жастар баспасөзі (1918-1991): әдістемелік оқу құралы. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2014. - 144 б.
32. Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Монография. - Петропавл: Северный Казахстан, 2018.- 460 б. 1 том.
33. Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Монография. - Петропавл: Северный Казахстан, 2018.- 460 б. 2 том.
34. Мағжанның Қызылжары: ғылыми басылым / З.С. Тайшыбай. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2006. - 341 б.
35. Мағжанның Қызылжары: Зерттеу. - Астана: Астана-полиграфия, 2008. - 232 б. - (Уақыт және қаламгер).
36. Мағжанның өмірі мен шығармашылығы: әдістемелік оқу құралы / Г. Б. Ахметжанова, З. С. Тайшыбай. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2019. - 216 б.
37. Солтүстік Қазақстан облысы: тарих және тағылым:

Монография. - Петропавл, 2016.- 288 б.- (бірлескен: Мәлікова С., Ибраева А.).

38. Сыр сандығым - Қызылжар: Солтүстік Қазақстан облысының тарихынан / Тайшыбай З.С. - Астана, «Принт» баспасы, 2013.- 250 б.
39. Хрестоматия по истории государства и права: Учебное пособие. - Алматы: Жеті жарғы, 270 б. - (бірлескен: Н.О. Дулатбеков, Ж.О. Артықбаев).

### **3. С. Тайшыбайдың басшылығымен шыққан ғылыми еңбектер**

1. Алғысөз. Ғ. Смағұлов «Балқантаудың басында», зерттеу . - Қарағанды: Арко, 1998.- 5 б.
2. Белецкая Наталья Петровна: Биобиблиографиялық көрсеткіш: Биобиблиографический указатель / сост.: О. М. Макаренко, А. К. Казиканова, З. Тайшыбай. - Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева, 2016. - 56 с.
3. Дулатбеков Н.О. Русско-казахский словарь юридических терминов / Рец. З.С. Тайшыбай - Алматы: Жеті жарғы, 1997.- 3 б.
4. Памяти отца. / Ред. А.М. Газалиев. – Караганда: Арко, 1998. - 140 б.
5. Сыздық Б. Шандоз: Аяпбергеннің Сыздығы (1900-1980) / Ақылдас З. Тайшыбай. - Алматы: Мейрам-Б, 2012. - 112 б.
6. Тарихи жырлар тағылымы: Монография / Ред. Б. Ибрахим.- Алматы: Ғылым, 1999.- 310 б.
7. Тілеубай Т. Тәуелсіздігім –тұмарым.- Астана, 2017.

### **«Абылай хан» («Қазақ энциклопедиясы» баспасы, Алаты.-2011) энциклопедиясында З. Тайшыбайдың авторлығымен шыққан мақалалар**

1. Абылайдың ата тегі, 35 б.
2. Абылайдың көрке шығармалардағы бейнесі, 37 б.
3. Абылайдың көкжартасы, 36 б.
4. Абылай сұлтанның хаттары, 49 б.
5. Абылайтанудың кеңес заманындағы жағдайы, 49 б.
6. Абылай ханның жоңғар тұтқынына түсуі, 64 б.
7. Абылай ханның күйлері, 64 б.
8. Абылай ханның суреті, 68 б.
9. Абылай ханның сүйегін антропологиялық зерттеу, 68 б.
10. Абылай хан тұлғасы Шәкерім шығармашылығында, 71 б.
11. «Абылай хан» экспозициялық кешені, 72 б.
12. Аксаков Мансұр, 80 б.

13. Ақыпбекұлы Аяпберген, 86 б.
14. Алыпқара, 90 б.
15. Андықожа Әлменбетұлы, 92 б.
16. Арал хандығы, 94 б.
17. Атығай, 109 б.
18. Әбсадықов Алмас, 109 б.
19. Әбілқайыр ханға Ресей патшасы Анна Иоановнаның жолдаған грамотасы, 112 б.
20. Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын алғандығы туралы императрица Аннаға хаты, 115 б.
21. Бабақай батыр, 126 б.
22. Бабықов Керей, 126 б.
23. Байбек батыр, 127 б.
24. Байдалы Бекшеұлы, 128 б.
25. Байназар Бекболатұлы, 129 б.
26. Байтоқа Жолболдин, 130 б.
27. Бамбар, 135 б.
28. Бардзамаева Жарга, 137 б.
29. Баубек би, 143 б.
30. Дармабала, 177 б.
31. Дат батыр Қарабатыр ұлы, 178 б.
32. Бөкенбай Бесқұртқаұлы, батыр, 158 б.
33. Еділ қалмақтарының шығысқа қарай ұлы көші және Абылай ханның саясаты, 189-190 б.
34. Жаулыбай батыр, 218 б.
35. Көшімқожа, 267-268 б.
36. Қазақ-қырғыз қақтығыстары, 283 б.
37. Мырзахан Жақып, 390 б.
38. Татанайұлы Асқар, 474 б.

## **Мақалалары – Статьи**

### **1972**

1. Рақымжан Дүйсенбаев кім? // Сборник научных трудов КазГУ им. С.М. Кирова. Сер. Журналистика. - 972. - 4.

### **1973**

2. Песни, которые не стареют // Индустриальная Караганда. - 1973. - 12 января.

### **1974**

3. Қорабай Жапановтың публицистикасы // Сборник научных трудов КазГУ им. С.М. Кирова. Сер. Журналистика.- 974.- № 2.
4. Өнші Ғаббас Айтбаев туралы // Орталық Қазақстан.- 12 сентября.

### **1979**

5. Азаттық аңсап алысқан: Мәди Бәпиұлының туғанына 100 жыл // Шұғыла. - 1979. - 12 мая.

### **1985**

6. Кітапханаларға методикалық басшылық жетілдірілсін // Орталық Қазақстан. - 1985. - 17 тамыз.

### **1991**

7. Бейімбет және Қарағанды // Жұлдыз.- 1991.- №7.

### **1994**

8. Университетте журналист кадрларын даярлаудың бағыттары // Концепция развития высшей школы: Материалы межвузовской научно-методической конференции. - Караганда, 1994.

### **1996**

9. Абайға хат жазған Шәймерден Қосшығұлов кім? // Абайдың саяси құқықтық мұрасы және жаңа кезеңі: Сборник КарГУ.- Қарағанды, 1996.
10. Абай және баспасөз // Вестник КарГУ им. Е.А. Букетова.- Караганды, 1996.
11. О структуре современной журналистики // Проблемы современной журналистики: Материалы международной конференции ЮНЕСКО.- Алматы, 1996.

## 1998

12. Абайдың нағашылары мен қайын жұрты // Жұлдыз. - 1998.- № 10.
13. Абайдың «Ескендір» поэмасы // Ізденіс-Поиск.- 1998.- №2.- 32-38 б.

## 1999

14. Ахмет Байтұрсыновтың ісі // Орталық Қазақстан.- 1999.- 15 қараша.
15. Ғалымның биік мәртебесі // Орталық Қазақстан. - 1999. - 30 қазан.
16. Жақып Ақбаевтың ісі // Орталық Қазақстан.- 1999. – 10 қазан.
17. Иманақ - Тарту – Кембридж // Индустриальная Караганда. - 1999. - 30 октябры.
18. М. Әуезов өмірінің бір кезеңі // Орталық Қазақстан.- 1999. - 25 қыркүйек.
19. Серкебаев, Мағжан және басқалары // Орталық Қазақстан.- 1999. - 11 желтоқсан.
20. Чистой воды кристалл // Казахстанская правда. - 1999. - 23 октябры.

## 2000

21. Большой друг казахской музыки // Индустриальная Караганда. - 2000. - 25 августа.
22. Желтоқсан жайында ақиқат // Солтүстік Қазақстан. - 2000. - 16 желтоқсан.
23. Қаз дауысты Қазыбек би // Егемен Қазақстан. - 2000. - 2 қыркүйек.
24. Қазақ музыкасының жанашыры: А.В. Затаевичтің зерттеушілігі хақында // Орталық Қазақстан. - 2000. - 13 тамыз.
25. Қазақ өнерінің жанашыры: этнограф, қазақ музыкасын зерттеушісі А.В.Затаевич туралы // Орталық Қазақстан. - 2000. - 23 тамыз
26. Қарқаралы петициясы туралы ақиқат // Орталық Қазақстан. -2000. - 24, 28 - тамыз.
